

## ТАЛДАУ АНЫҚТАМАСЫ

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің «Балауса» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ұйым қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері туралы

Майтөбе ауылы

2026 жыл

### КІРІСПЕ БӨЛІМІ

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің «Балауса» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны менгерушісінің 2026 жылғы 11 наурыз №21 «Балауса» бөбекжай-бақшасының қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» бұйрығы негізінде.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 2026 жылдың 11 наурыз мен 2026 жылдың 18 наурыз айы аралығында жүргізілді.

Ішкі талдаумен 2025 жылдың қаңтар айы мен 2026 жылдың наурыз аралығы қамтылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес жүргізілді.

«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Талас ауданының білім бөлімінің «Балауса» бөбекжай-бақшасы» МКҚК жанынан құрылған комиссия құрамы:

1. Г.Т. Азимбаева – менгеруші, комиссия төрайымы;
2. З. Д. Ережепбаева – педагог-психолог, комиссия мүшесі;
3. З. Бердиярова – бөбекжай-бақшаның Қамқоршылық кеңесінің төрағасы;
4. Э. Полатова – ата-аналар комитетінің төрайымы;
5. Д. Аманова – тәрбиеші, комиссия мүшесі;
6. И. Калмашова – тәрбиеші, комиссия хатшысы;

#### Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бағыттары:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;
- 2) мүдделер қақтығысын реттеу;
- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 8) талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

**1. «Персоналды басқару,оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау»**

Персоналды басқару бағыты бойынша 2025 жылдың 02 қыркүйек айында бекітілген штат кестесі бойынша штат саны 16,3 бірлікті құрайды. Штаттық кесте бойынша лауазымдардың атауы мен штат бірліктері төмендегі 1-кестеде көрсетілді.

№	Лауазымдардың атауы	Штат бірлігі
1	Менгеруші	1
2	Әдіскер	0,5
3	Психолог	0,5
4	Медбике	0,5
5	Есепші	0,5
6	Шаруашылық менгерушісі	0,5
7	Тәрбиеші	4,5
8	Музыка жетекшісі	0,5
9	Көмекші тәрбиеші	2,3
10	Еден жуушы	0,5
11	Ғимарат жөндеуші	1
12	Аула сыпырушы	0,5
13	Кастелянша	0,5
14	Кір жуушы	1
15	Аспазшы	1,5
16	Көмекші жұмысшы	0,5
	<b>Барлығы</b>	<b>16,3</b>

Қызметкерлерді қабылдау,ауыстыру және жұмыстан шығаруды рәсімдеу еңбек заңнамасына,мектепке дейінгі ұйым жарғылық ережесіне,ішкі еңбек тәртіптемесінің ережесіне,лауазымдық нұсқаулықтар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі.

2025 жылы жұмысқа қабылданған және жұмыстан шығарылған қызметкерлердің тізімі 3-кестеде көрсетілді. 05.01.2025 жыл мен 13.03.202 жыл аралығында педагог лауазымы бойынша қызметкер қабылданбаған.

№	Тегі,аты,әкесінің аты	Лауазымы	Жұмысқа қабылданған күні	Жұмыстан шығарылған күн
1	Мадимаров Мұрат Ергенович	Ғимарат жөндеуші		14.01.2025ж №1
2	Нышанов Нурсұлтан Матибаевич	Ғимарат жөндеуші	22.01.2025ж №2	
3	Байдильдаева Жанар Сериккажевна	Аспазшы		10.03.2026ж №1
4	Бубеева Айткуль Ауесбекқызы	Аспазшы	10.03.2026ж №2	
5	Құрманова Назгул Ергешқызы	Есепші		26.03.2026ж №3
6	Пазылова Айгүл Мұратқызы	Есепші	26.03.2026ж №4	

## 2. «Мүдделер қақтығысын реттеу»

Мүдделер қақтығысын реттеу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

## 3. «Мемлекеттік қызметтер көрсету»

Мемлекеттік қызметтер көрсету бағыты бойынша жалпы білім беретін бөбекжай-бақша мемлекеттік қызметтерді көрсетеді. Негізгі көрсетілетін қызмет түрлеріне мыналар жатады:

1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымына құжаттарды қабылдау.
2. Бір балабақшадан екінші балабақшаға ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау.
3. Аз қамтылған немесе жан басына қаржыландыру жетпейтін отбасылардан шыққан тәрбиеленушілерді ыстық тамақпен қамту.
4. Анықтама беру.

### 3.1. Педагогтерді аттестаттау:

«Педагогтарды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі № 72 бұйрығына сәйкес, тиісті саланың уәкілетті органдарында, облыстың республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданының облыстық маңызы бар қаланың білім беруді басқару органдарында (бұдан әрі – аттестаттаушы орган) педагогтердің аттестаттау үшін;

Біліктілік деңгейін анықтау мақсатында жүргізілетін рәсім, оның нәтижелері бойынша осы Қағидаларға сәйкес біліктілік санаттары беріледі (расталады). 2025 жылы 1 педагог модератор санатын алды. Ұстаз платформасына құжаттары толық ережеге сай жүктелген.

### 3.2. Мектепке дейінгі білім беру ұйымына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау:

«Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 18 қарашадағы № 464 бұйрығына сәйкес жұмыс жасайты «Мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу үшін мектеп жасына дейінгі балаларды (бжасқа дейін) кезекке қою» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – кезекке қою жөніндегі мемлекеттік қызмет) республикалық маңызы бар қаланың және астананың, білім басқармалары, ауданының облыстық маңызы бар қаланың білім бөлімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Кезекке қою жөніндегі мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ата-ана немесе баланың заңды өкілі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) **Indigo.kz** жүйесі арқылы ваучерге өтініш беріп кезекке тұра алады. Бөбекжай-бақшада 2026 жылы 27 ақпанда тәрбиеленіп жатқан тәрбиеленушілер жас ерекшелігіне орай екі топта 50 бала тәрбиеленіп отыр. «Еркетай» 1 топ (2 жастан бастап) – 25 бала, «Балдәурен» 1 топ (4 жастан бастап) – 25 бала шығарылып 25 бала қабылданған. Мемлекеттік қызметтер көрсету бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмаған.

### 3.3 Тәрбиеленушілерді тегін тамақтандыру:

Бөбекжай-бақшада НОБД бойынша 50 бала бар, 4 бала тегін ыстық тамақпен қамтылған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтарындағы № 64 қаулыны басшылыққа ала отырып, 2-5 жас аралығындағы аз қамтылған, көп балалы балалардың әлеуметтік статусын 5-санат бойынша анықтайтын құжаттар жинақталып, тізім жасақталған, 2-5 жас аралығындағы II санат-жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасыдан шыққан балалар саны – 4, отбасы саны – 4 бала.

## 4. «Рұқсат беру функцияларын іске асыру»

Рұқсат беру функцияларын іске асыру жұмыстары.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы заңы, сондай-ақ министірлік қаулылары мен балабақша жарғысына сәйкес жүргізіледі.

Олар балабақша әкімшілігі тәрбиешілер және басқа жауапты тұлғалар арқылы жүзеге асырылады.

Негізгі рұқсат беру функциялары:

1. Оқу процесіне қатысты рұқсаттар

Оқу іс-әрекет кестесін бекіту

Тәрбиеленушілерді топтан топқа ауыстыруға немесе көшіруге рұқсат беру.

2. Тәрбиеленушілерге қатысты рұқсаттар

Балабақшадан босатуға рұқсат (анықтама негізінде)

Іс-шараларға қатысуға рұқсат

Балабақшадан уақытша шығуға рұқсат

Басқа балабақшаға ауысуға рұқсат беру

3. Педагогтар мен қызметкерлерге қатысты

Еңбек демалысына шығуға рұқсат

Біліктілікті арттыру курстарына қатысуға рұқсат

Жұмыс күнінен уақытша босатуға рұқсат

4. Қауіпсіздік пен ішкі тәртіпке байланысты

Балабақша ғимаратына кіруге рұқсат беру

Бейнебақылау және қауіпсіздік жүйелерін қолдану

Жаппай іс-шаралар өткізуге рұқсат

5. Құжаттық рұқсаттар

Ата-ананың жазбаша келісімі

Бұйрық шығару арқылы ресми рұқсат беру

Медициналық анықтамалар негізінде шешім қабылдау

Рұқсат беру функцияларын іске асыру бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

#### 5. «Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру»

Балабақшада бақылау-тексеру функцияларын іске асыру бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

#### 6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу

Жалпы балабақшаны қаржыландыруға 2025 жылға 59 286 404 теңге білім бөлімінен берілген қаражат, айлық жалақы қорына 51 484 496 теңге игеріледі.

Сауықтыру жәрдемақы 1 жылға 2 803 008 теңге зейнет қоры 5 855 033 теңге; еңбек демалысына 6 817 503 теңге; кәсіподақ жарнасы 479 007 теңге; Аманат партиясына 31 882 теңге; МӘМС 1 260 956 теңге; табыс салығына 2 544 975 теңге; әлеуметік салық 2 564 727 теңге; әлеуметік сақтандыру 2 193 972 теңге;

ЖБЗЖ 840 640 теңге;

Коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге теңге; 1270 185 Оның ішінде:

- ЖЖЕ - 1105160 теңге

- Талас сулары 165025 теңге

- Игілік 0 теңге

- Мекемені күтіп баптау үшін тазалық құралдарына -249 999 теңге

- Ағымдағы ғимаратты жөндеу жұмыстарына 76665 теңге

- Шаруашылық заттарын сатып алу (ыдыс аяқтар) – 0

- Медициналық тексеруден өту жылына 2 рет – 207000

- Мекеменің сайт –203500 теңге

- Өрт сөндіру белгі беру және бейнебақылау- -0

- Интернетке қол жеткізу (телефон)–285360 теңге

- Септикті тазалау –0

- Залалсыздандыру –343428 теңге

- Бейнебақылауды күзетке қосу –0

- І С Программасына –430000 теңге

- Өрт сөндіру құралдарын толықтыру –0

- Септикалық резервуар мен сыртқы, ішкі кәрізді ағымдағы жөндеу –0

## 7.«Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану»

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу бағыты бойынша жалпы білім беретін мен ақпараттық жүйелерді әзірлемейді. Ақпараттық жүйелерді пайдалану бойынша жалпы білім беретін мектеп «Білім» беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы «Білім және Ғылым министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 1 желтоқсанындағы №503 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы және «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу,жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграция және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 9 тамыздағы №354 бұйрығына сәйкес «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесінің қызметтерін бойынша Ұлттық білім деректер қоры және мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдардың ақпараттандыру объектілерінің өзара әрекеттесу тәртібі (бұдан әрі-Өзара әрекеттесу тәртібі)

Азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өңдеу бірінғай платформасы «*E-otinish*» ақпараттық жүйесін;

*Indigo.kz* сайты арқылы тәрбиеленушілерді қабылдап шығарып және балабақшаға келіп кету табель жүргізу жүйесін ;

*Qamqor Tech* – сайты тәрбиеленушілердің биометриясын сканерлеу жүйесін ;

*Enbek.kz* – электрондық еңбек биржасы *enbek.kz* (бұдан әрі -ЭЕБ) жұмыс іздеу және қызметкерлерді іріктеуге жәрдемдесу үшін мүмкіндіктерді ұсынатын жұмысқа орналастыру бойынша бірінғай цифрлық алаңын;

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агентігі Ұлттық статистика бюросы *stat.gov.kz*;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрілігі *salyk.kz* , *kgd.gov.kz* порталдарын; Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан, Электронды шот-фактуралар ақпараттық жүйесі Мемлекеттік кірістер комитетті Қазақстан Республикасының Қаржы министрілігі *csf.gov.kz* порталын;

*Elicense.kz* – «Е-лицензиалау» мемлекеттік деректер қоры ақпараттық жүйесі лицензиалау процестерін,рұқсат беру құжаттарын автоматтандыру парталын;

*Uctaz* – педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының платформасын;

*Egov.kz* –мемлекеттік қызметтер және онлайн ақпарат парталық тұрақты әрі жүйелі түрде пайдаланады.НОБД базасында ыстық тамақпен қамтылған 50 баланың ішінде тегін тамақпен 4бала қамтылып отыр.

Ақпараттық жүйелерді әзірлеу бағыты бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.


## 8. «Талдау объектісінің ұйымдастырушылық –басқарушылық қызметінен туындайтын өзгеде мәселелер»

Балабақшада талдау жүргізу барысында ұйымдастырушылық басқарушылық қызметінен туындайтын өзгеде мәселелер анықталмады.

Талдау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

### Талдамалық анықтамамен келісті:

Азимбаева Гаухар Тулеугаевна  
Ережепбаева Зульфия Даткабековна  
Бердиярова Замира Кайратовна  
Полатова Эинара Абузакировна  
Аманова Динара Касымбековна  
Калмашова Индира Мұратбаевна



Балауса бөбекжай-бақша меңгерушісі



Г.Азимбаева